

Жанкүл Тамараасар Қалниязқызының «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемнің озық отыз елінің қатарына енуі жағдайында бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу қажеттілігі бүгінгі білім беру саласын жаңғыртуды, жаңартуды, жандандыруды, әлеуметтендіруді, инновациялық технологиялармен қамтамасыздандыруды талап етуде. Осыған орай білім беру саласында заманауи жасалып жатқан реформалар ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтардың білімді де білгір, ісмер де іскер, азаматтық белсенділігі мен шығармашылығы қалыптасқан, өздеріне жауапкершілік ала алатын, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын болып тәрбиеленуін алдыңғы қатарға шығарады. Ал, бұл болса студенттер арасынан жаһандық әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын тұлғаның зияткерлік дамуына қажеттілікті арттырады.

Осы инновациялық қоғамдағы қазіргі жастардың интеллектуалды даму деңгейі ең басты стратегиялық қорлар қатарынан табылу керектігі мен адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің рөлін өзектілеуге бағдарлау Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында, «Интеллектуалды ұлт-2020» Ұлттық жобасында көрсетілуі ұсынылып отырған диссертацияның көкейкестілігін дәлелдей түседі.

Оған қоса студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы негізінде олар этностың рухани құндылықтарын сақтау мен дамытуға жауапты, ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін меңгерген, басқа мәдениет өкілдерімен келісімді диалог құруға қабілетті, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелері болып тәрбиеленеді. Өйткені қазақ ұлттық музыкасының мазмұндық, бейнелік, эмоционалды аясы олардың түйсік, қиял, ес, зейін ойлау психикалық үдерістерінің дамуына ықпал етуі арқылы интеллектуалдық деңгейін жоғарылатады.

Осы тұрғыдан алғанда Жанкүл Тамараасар Қалниязқызының ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген.

1. Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мәнін анықтаған. «Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарын нақтылаған. Қазақ ұлттық музыкасының жіктемесін жасаған және оның тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктерін анықтаған.

2. Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық моделін және оның мазмұнын жасаған, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін негіздеген.

3. Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың моделін тиімді жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаған.

4. Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды әдістемелік тұрғыдан негіздеген.

Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары бойынша интеллект және оның түрлері қарастырылған шетелдік және отандық еңбектерге талдау беруімен; қазақ ұлттық музыкасы мен оның жанрларына қатысты өнертану, музыка, этнография саласындағы еңбектерге жасаған талдауымен; интеллект, интеллектуалды даму түсініктерін нақтылауымен; студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту үдерісін дәлелді негіздеуімен; оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасауымен, психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындауымен және оларды негізді сипаттауымен; студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту әдістемесін жасауымен, студенттің интеллектуалды дамуы сапасының бүгінгі заман талабы сұранысынан шығуымен және оны оқу-тәрбие үдерісіне ендірумен айқындалады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау арқылы интеллектуалды даму проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән берген. Соның негізінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту бағытында мәселенің зерттелмегенін анықтаған және оның зерттелу қажеттігін де дәлелді негіздеген. «Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарына терең бойлауы арқылы осы ұғымдардың мәнін нақтылаған (Дисс.: 1.1.; 1.2). Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуда негізге алатын әдіснамалық тұғырларды (*жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, акмеологиялық, аксиологиялық, кешендік, мазмұндық*) анықтаған және дәлелді сипаттаған (Дисс.:1.3).

Сонымен бірге, докторант қазақ ұлттық музыкасының жіктемесін жасаған. Оларды ән шығармашылығы, аспаптық шығармашылық және дәстүрлі, аймақтық, орындаушылық шығармалар тұрғысынан топтастырған. Ол студенттердің интеллектуалды дамуы оның психикалық үдерістерінің (түйсік, қиял, ес, зейін, ойлау) дамуынан талап етілетіндігін дәлелдеу негізінде қазақ ұлттық музыкасының студенттерді интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктерін анықтаған (Дисс.:2.1.; 2.2). Т.Жанқұлдың осы мүмкіндіктерді ұлттық музыканың тарихи-әлеуметтік-мәдени тереңдігінен, халық философиясына бай мазмұнынан, эмоционалды, эстетикалық әсерлілігінен іздестіруін толық қолдауға болады.

Бұл, айтылғанның бәрі, *біріншіден*, диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, *екіншіден*, зерттеудің *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

Докторанттың екінші қол жеткізген нәтижесі де – жаңа. Өйткені ол студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған және оны жан-жақты мазмұндаған. Модель мақсаттық; мазмұндық, процессуалдық, нәтижелік болып табылатын төрт құрамдас бөліктен тұрады. Онда көрсетілген дамытудың тұғырлары, мазмұны, әдіс-тәсілдері мен құралдары, формалары, бағалау өлшемдері аса назар аудартады. Оған қоса диссертант қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалды-құндылықтық, іс-әрекеттік-рефлексивтік өлшемдерін және оған сәйкес көрсеткіштерін анықтаған. Соның нәтижесінде жоғары, орта, төмен деңгейлерін белгілеген және дәлелді негіздеген (Дисс.: 2.3).

Зерттеудің үшінші нәтижесінің жаңалығы сол, Т.Жанқұл қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған. Оны былайша жүйелеп көрсеткен: студенттің оқу-тәрбие үдерісінде субъектілік ұстанымын қамтамасыздандыру; студентті белсенді жеке танымдық іс-әрекетке қатыстыру; жағымды интеллектуалды-дамытушылық орта мен психологиялық климат құру; педагогикалық жоғары оқу орны студенттерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға тиімді формалар мен әдістерді технологияларды белсенді пайдалану; студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы жеке интеллектуалды-шығармашылық дамуын есепке алу. Докторант диссертацияда аталған психологиялық-педагогикалық шарттарды жеке-жеке негіздеген (Дисс.: 3.1).

Төртінші нәтижесі де жаңа, себебі докторант студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы дамытудың әдістемесін жасаған. Аталған әдістеменің ұтымдылығы мен кеңдігі және жүйелігі оның жоғарыда айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттарға және дамыту кезеңдік құрамдас бөліктеріне (мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, нәтижелік) сәйкес, аталған дамуды жүзеге асырудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын және формаларын қамтуымен ерекшеленеді. Докторанттың дамыту мазмұнын кешенділік (музыка мұғалімдерінің базалық және кәсіби пәндерінің бағдарламаларына қосымшалар, «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы

тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курс, педагогикалық практика мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының мүмкіндіктері) тұрғысынан қарастырылуы мен жасалуы көңілге қонымды (Дисс.: 3.2; 3.3).

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлім бойынша берілген ой-тұжырымымен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика ғылымына және практикасына енгізген жаңалығымен сипатталады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті мәселесі алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 10 (он) еңбекте жарық көрген. Соның ішінде 3-уі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 5-еуі халықаралық конференциялар (оның 2-еуі шет елдік) материалдарында жарияланды.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай кемшіліктер мен ұсыныстар айтқымыз келеді:

1. Докторанттың диссертацияда студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуда эмоционалдық интеллекттің маңыздылығын анықтауы мен оны сипаттап көрсетуі өте орынды. Десе де, эмоционалдық интеллекттің ерекшеліктеріне тереңірек талдау жасағанда артық болмас еді.

2. Диссертанттың қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту үдерісінде қолданған аудиториядан тыс жүргізілетін жұмыс түрлері ұтымды көрсетілген. Алайда зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда еңбектің практикалық құндылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде грамматикалық, стилистикалық қателер де кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Сонымен Жанқұл Тамараасар Қалниязқызының «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент:

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор міндетін атқарушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты



Султанова М.С.

Қолы
Подпись
Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета